

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 146 "2018-2020 жылдарға арналған Мұғалжар ауылы бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 мамырдағы № 201 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Мұғалжар аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 4 маусымда № 3-9-202 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 146 "2018-2020 жылдарға арналған Мұғалжар ауылы бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5843 тіркелген, 2018 жылдың 25 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер - "67 896,4" сандары "70 800,4" сандарына ауыстырылсын;

оның ішінде:

трансферттер түсімдері - "65 855,0" сандары "68 759,0" сандарына ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар - "67 896,4" сандары "70 800,4" сандарына ауыстырылсын;

көрсетілген шешім мынадай мазмұндағы 6-2 тармақпен толықтырылсын:

"6-2. 2018 жылға арналған Мұғалжар ауылы бюджетіне республикалық бюджеттен 2 904,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер түскені ескерілсін.

Аталған ағымдағы нысаналы трансферттерінің соммасын бөлу ауыл әкімінің шешімі негізінде айқындалады."

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Мұғалжар аудандық әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы,
сессия төрағасы

Н. Қалиева

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2018 жылғы 16 мамырдағы № 201
шешіміне қосымша

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 146
шешіміне 1 қосымша

2018 жылға арналған Мұғалжар ауылы бюджеті

санаты			сомасы (мың теңге)
сыныбы			
	кіші сыныбы		
	атауы		
		1. КІРІСТЕР	70 800,4
1		САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР	2 041,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	2 041,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	85,0
	3	Жер салығы	56,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1 900,0
2		САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР	0,4
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	0,4
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	0,4
4		Трансферттердің түсімдері	68 759,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	68 759,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	68 759,0

функционалдық топ				сомасы (мыңтеңге)
01	функционалдық кіші топ			
		бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
			бағдарлама	
			атауы	
			II. ШЫҒЫНДАР	70 800,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	32 491,4
	1		Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	32 491,4
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	32 491,4
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	27 491,4

		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 000,0
04			Білім беру	33 093,0
	1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	33 093,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	33 093,0
		004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	33 093,0
07			Тұрғын үй коммуналдық шаруашылық	3 865,0
	3		Елді-мекендерді көркейту	3 865,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 865,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	3 865,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	240,0
13			Басқалар	1 111,0
	9		Басқалар	1 111,0
		124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1 111,0
		040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру	1 111,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0